



Жүктік кедендік декларациялардың расталған көшірмелерін ұсынудың ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы N 133 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 14 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2118. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 17 маусымдағы N 240 бұйрығымен.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттер кеден қызметтерінің басшылары кеңесінің "Жанама салықтарды есептеуге ықпал ететін мәліметтерді кеден органдарына мәлімдеудің тәртібін бірдейлендіру туралы" 2001 жылғы 6 шілдедегі N 111 шешімін орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын тауарлардың жеткізілуін бақылау мақсатында,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Жүктік кедендік декларациялардың расталған көшірмелерін ұсынудың ережесі бекітілсін.
2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары С.Ж.Мулкинге жүктелсін.
4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының
2002 жылғы 4 желтоқсандағы
N 133 бұйрығымен
бекітілген

**Жүктік кедендік декларациялардың расталған
көшірмелерін ұсынудың
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже тауарлардың экспортының кедендік режиміне сәйкес ресімделген және Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан Еуразиялық

экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі - ЕурАзЭС) қатысушы мемлекеттердің кедендік аумағына әкетілетін, сондай-ақ ЕурАзЭС-ке қатысушы мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының кедендік аумағына импортталатын тауарлардың жеткізілуін бақылау мақсатында әзірленді.

2. Жүктік кедендік декларацияның (бұдан әрі - ЖКД) төртінші данасы ресімдеуші кеден органынан баратын кеден органына (шекарадағы өткізу пункті) экспорты кезінде тауарлардың жеткізілуін растайтын құжат болып табылады.

3. Әкету елінің экспорттық ЖКД-сының қосымша данасы (не оның расталған көшірмесі) ЕурАзЭС-ке қатысушы мемлекеттерден әкелінетін тауарлардың кедендік құнын растайтын құжаттардың бірі болып табылады.

2. Тауарлардың экспорты кезінде ЖКД-ның расталған көшірмелерін ұсынудың тәртібі

4. Декларант тауарларды экспорттың кедендік режиміне сәйкес негізгі кедендік ресімдеу аяқталған кезде ЖКД-ның ресімдеуші кеден органының лауазымды адамының жеке нөмірлі мөрінің таңбасымен расталатын төртінші данасының көшірмесін түсіріп алады.

5. ЖКД-ның төртінші данасының расталған көшірмесі ЖКД-ның төртінші данасына, тауарға ілеспе құжаттарға қоса тігіледі және тауармен бірге шекарадағы өткізу кеден пунктіне ілесіп барады.

6. Шекара маңындағы өткізу кеден пунктінің лауазымды адамы ЖКД-ның төртінші данасы мен оның көшірмесіне күнін, "Жүк өтті" деген мөртаңба қояды әрі қолымен және жеке нөмірлі мөрімен растайды.

7. ЖКД-ның төртінші данасының расталған көшірмесі алдын ала немесе негізгі кедендік ресімдеуді жүргізу кезінде баратын елдің кеден органында көрсету үшін тауарға ілеспе құжаттарға тігіледі.

3. Тауарларды әкелу кезінде жөнелтуші ел ЖКД-сының қосымша данасын (не оның көшірмесін) ұсынудың тәртібі

8. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік аумағынан Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құнының айқындалуының дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру кезінде әкелінетін тауарлармен мәмілелердің бағасы бойынша кедендік құнын белгілеудің әдісін қолдану арқылы аталған тауарларды кедендік ресімдеу жөнелтуші елдің экспорттық ЖКД-сының қосымша данасын (не оның расталған көшірмесін) міндетті түрде ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

9. Жөнелтуші елдің экспорттық ЖКД-сы қосымша данасының (не оның расталған көшірмесінің) болмауы әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеуден бас тарту үшін негіздеме болмауы тиіс. Бұл ретте, көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда әкелінетін тауарлардың кедендік құнын (әкелінетін тауарлармен мәмілелердің бағасы бойынша) айқындаудың негізгі әдісін қолдану

арқылы кедендік ресімдеу жүргізілмейді.

Бұл жағдайда кедендік құнын айқындау Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес кедендік құнды айқындаудың келесі әдістерін қолдану арқылы жүргізілуі тиіс.

10. Экспорттық ЖКД-ның қосымша данасын (не оның көшірмесін) пайдалана отырып, ЕурАзЭС-ке қатысушы мемлекеттердің кедендік аумағынан әкелінген тауарлардың кедендік құнын айқындау кезінде, жөнелтуші ел ЖКД-сының 12-бағанында көрсетілген кедендік құнға қосымша ЕурАзЭС-ке қатысушы мемлекеттердің аумағы бойынша көліктік шығыстар мен аталған тауарларды ЕурАзЭС-ке қатысушы мемлекеттердің аумағынан әкелу орнына, егер олар бұрын кедендік құнға енгізілмеген болса Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына дейін әкетуге байланысты шығыстар қосылады.

Ескерту: 10-тармақ толықтырылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 22 сәуірдегі N 160 бұйрығымен .